

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің мақта саласындағы мәселелер жөніндегі кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 12 қазандағы № 314 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 13 қазанда № 21418 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 44 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.02.2021 № 44 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін мақта саласындағы мәселелер жөніндегі кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция
министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 12 қазаны
№ 314 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін
мақта саласындағы мәселелер жөніндегі кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Сарапшы ұйымға қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-1/55 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11004 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Аккредиттелген сынақ зертханаларына (орталықтарына) қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Аккредиттелген сынақ зертханаларына (орталықтарына) қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.";

Сарапшы ұйымға* қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер енгізілетін мақта саласындағы мәселелер жөніндегі кейбір бұйрықтарының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанын (үлгісін) және мақта талшығының сапасы паспортының нысанын (үлгісін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-5/280 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12152 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларында:

2-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) шитті мақтаның сапасы туралы куәлік – шитті мақта сапасының нақты көрсеткіштерін және олардың стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына және аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) мен өтініш берушінің арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) сынақ зертханасы (орталығы) (бұдан әрі – зертхана (орталық)) – "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аккредиттеуден өткен және шитті мақтаның сапасына сараптама жасауды жүзеге асыратын заңды тұлға немесе заңды тұлғаның атынан әрекет ететін оның құрылымдық бөлімшесі.";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы Тізбеге 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2 және 3-қосымшалар осы Тізбеге 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 4-1/618 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12009 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидалары осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің кейбір
бұйрықтарына енгізілетін
өзгерістер тізбесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 30 қаңтардағы
№ 4-1/55 бұйрығымен
бекітілген

Аккредиттелген сынақ зертханаларына (орталықтарына) қойылатын біліктілік талаптары

--	--

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:
1	2
1	меншік құқығындағы, шаруашылық жүргізудегі, жедел басқарудағы немесе уақытша иеліктегі және пайдаланудағы, өрт және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарына жауап беретін, мыналармен жарақталатын үй-жайлар:
	желдету жүйесі (ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 65% + 2%, ауа температурасы 21°C + 1°C)
	стандартты климаттық жағдайларда мақта талшығының сынамаларын жылдам желдету қондырғысы (ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 65% + 2%, ауа температурасы 21°C + 1°C)
	керамикалық түс үлгілерінің жинағы бар өнімділігі жоғары өлшейтін автоматтандырылған мақта талшығын сынау жүйесі (HVI типті)
	мақта талшығының сынамаларын сақтауға арналған стеллаждар
2	меншік құқығындағы, шаруашылық жүргізудегі, жедел басқарудағы немесе уақытша иеліктегі және пайдаланудағы, мақта талшығын классерлік бағалауға арналған, өрт және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарына және мынадай көрсеткіштерге жауап беретін үй-жайлар:
	терезе ойықтары жоқ
	люминесценттік шамдардың классерлік үстелдерден орналасу биіктігі 2,5-3,0 метр
	классерлік үстелдің жұмыс бетінің жарықтылығы 500-1200 люкс
	бекітілген немесе Қазақстан Республикасында қолдануға жол берілген мақта талшығының сыртқы түрінің стандартты үлгілері жиынтығымен және микроконтур индексін анықтауға арналған аспаппен жарақталған
3	тиісті арнайы білімі және өнімділігі жоғары өлшейтін автоматтандырылған мақта талшығын сынау жүйесіне (HVI типті) қызмет көрсету бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі бар, өнімділігі жоғары өлшейтін автоматтандырылған мақта талшығын сынау жүйесіне (HVI типті) функционалды және техникалық қызмет көрсетуге арналған білікті мамандар
4	тиісті арнайы білімі және мақта талшығының сапасын классерлік бағалау бойынша кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесі бар мақта жөніндегі білікті сарапшылар (классерлер)
5	мақта талшығының сынамаларын мақта тазалау зауыттарынан жеткізуге арналған көлік құралы

Ескертпе: *өлшем құралдары Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізіледі және салыстырылып тексеріледі, бұл ретте бағдарламалық қамтымы бар өлшем құралдары "Өлшем құралдарын бағдарламалық қамтамасыз ету. Аттестаттау тәртібі. Жалпы ережелер" 2.46 ҚР СТ Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сәйкес аттестатталады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Шитті мақтаның сапасына
сараптама жүргізу және шитті
мақтаның сапасы туралы куәлік
беру қағидаларына
1-қосымша

_____ (аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) атауы)

_____ (жеке тұлға үшін: аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері; заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері (заңды мекенжайы), бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізуге арналған өтінім

_____ мақта дайындау немесе
мақта өңдеу

(атауы)

ұйымында сақтаулы, салмағы _____

_____ тонна

(жазбаша)

_____ арналған шитті

мақта партиясының

(мақсаты көрсетілсін)

сапасына сараптама жүргізуді сұраймын.

Сынақтар мынадай сынақ көрсеткіштері мен әдістері бойынша жүргізіледі:

_____ (көрсеткіш атауы) (стандарттау жөніндегі құжаттың нөмірі және күні) (норма)

Өтінім беруші _____

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) маманы

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

орындауы үшін жіберілді.

Орындалуы туралы белгі: _____

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша
Шитті мақтаның сапасына

20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____

Сынамаларды іріктеу актісі

Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) мен өтінім беруші арасында жасалған 20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____ шарт негізінде, мен, _____

_____ шитті

(аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) атауы)
мақтаның сапасына сараптама жүргізу жөніндегі маманы

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ қатысуымен

(өтінім берушінің, мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымы өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

қолданыстағы _____

стандартына сәйкес

(стандарттау жөніндегі құжаттың нөмірі мен күні)

шитті мақтаның сынамаларын іріктеп алдым.

Шитті мақтаның орналасқан жері _____

_____ (мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымының атауы және мекенжайы)

Шитті мақта партиясының нөмірі _____

_____ (жазбаша)

Партия салмағы _____

_____ тонна

_____ (жазбаша)

Іріктелген сынамалар саны _____

_____ дана

_____ (жазбаша)

Іріктелген сынамалар салмағы, килограмм _____

(жазбаша)

Сынамаларды іріктеу күні мен уақыты: 20_жылғы " _ " _____ сағат __ минут
Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі маман:

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Өтінім беруші: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымының өкілі:

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 4-5/280 бұйрығына
3-қосымша
Нысан
Форма

Шитті мақта іріктелген күн 20__ жылғы " __ " _____

20__ жылғы " __ " _____ дейін жарамды

Дата отбора проб хлопка-сырца " __ " _____ 20__ года

Действителен до " __ " _____ 20__ года

Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) атауы/Наименование аккредитованной испытательной лаборатории (центра) по экспертизе качества хлопка-сырца

Аккредиттеу аттестатының нөмірі және күні/Номер и дата аттестата аккредитации _____

Мекенжайы/Адрес _____

Шитті мақтаның сапасы туралы № _____ куәлік Удостоверение о качестве хлопка-сырца № _____

20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____ сынама-ларды
іріктеу актісімен қоса сараптамаға ұсынылған шитті мақтаның сына-масына
берілді/Выдано на пробу хлопка-сырца, представленную на экспертизу с актом
отбора проб

№ _____ от " ____ " _____ 20 ____ года _____

Мақтаның сорты/ Сорт хлопчатника _____

Партия нөмірі/Номер партии _____

Жинау түрі/Вид сбора _____

Мақсаты/Назначение _____

Өнеркәсіптік сорт/Промышленный сорт _____	Арамшөп қоспаларының массалық үлесі/ Массовая доля сорных примесей _____ %
– Типі/Тип _____	Ылғалдың массалық қатынасы/Массовое отношение влаги _____ %
– Сыныбы/Класс _____	Өзгелері/Прочие _____

Аккредиттелген сынақ зертханасының
(орталығының) меңгерушісі /
Заведующий аккредитованной
испытательной лаборатории (центра)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 4-5/280 бұйрығына
4-қосымша
Нысан
Форма

Мақта талшығы сапасының № _____ паспорты/ Паспорт качества хлопка-волокна
№ _____

Паспорт 20 ____ жылғы " ____ " _____ берілді/Паспорт выдан " ____ " _____ 20 ____
года.

Мақта өңдеу ұйымының атауы және орналасқан жері/Наименование и местонахождение хлопкоперерабатывающей организации _____

Шыққан жері/ Происхождение _____

Мақта тазалау зауытының коды/Код хлопкоочистительного завода _____

Партия нөмірі/Номер партии _____

Тай нөмірі/Номер кипы _____

Стандарттау жөніндегі құжаттар/ Документы по стандартизации
Селекциялық сұрып/ Селекционный сорт _____

Типі/Тип _____

Сұрыбы/Сорт _____

Сыныбы/Класс _____

Штапель ұзындығы 1/32 дюйм (Staple)/ Штапельная длина в 1/32 дюйма(Staple) _____	Микронейр (Mic)/Микронейр (Mic) _____
Шағылысу коэффициенті (Rd)/Коэффициент отражения(Rd) _____ %	Сарғаю мөлшері (+b)/ Степень желтизны (+b) _____
Трэш коды (T)/Трэш код (T) _____	Арамшөп қоспаларының алаңы (Area)/ Площадь сорных примесей (Area) _____
Арамшөп қоспаларының саны (Cnt)/Число сорных примесей (Cnt) _____ дана/штук	_____ %
Ұзындығы бойынша біркелкілік индексі (Unf)/ Индекс равномерности по длине (Unf) _____ %	Жоғарғы орташа ұзындығы (UHM)/Верхняя средняя длина (UHM) _____
_____ %	Қысқа талшықтардың индексі (SFI)/ Индекс коротких волокон (SFI) _____ %
Улестік үзіліс жүктемесі (Str)/Удельная разрывная нагрузка (Str) _____	_____ %
Қоспалардың бар-жоғы/Наличие примесей	Үзілгендегі созылу (Elg)/ Удлинение при разрыве (Elg) _____ %
_____	Жабысқақтығының бар-жоғы/ Наличие клейкости _____

Аккредиттелген сынақ зертханасының
(орталығының) меңгерушісі/ _____
Заведующий аккредитованной

испытательной лаборатории (центра)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 8 шілдедегі
№ 4-1/618 бұйрығымен
бекітілген

Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) классерлік әдіс – мақта жөніндегі сарапшы (классер) жүзеге асыратын, сұрыбы, сыныбы және штапельдік ұзындығы бойынша мақта талшығын қолмен бағалау;

2) мақта талшығының иесі – меншік құқығында мақта талшығы бар жеке немесе заңды тұлға;

3) мақта талшығының сапасы – стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкестігін айқындайтын мақта талшығының тұтыну қасиеттерінің жиынтығы;

4) мақта талшығының сыртқы түрінің стандарттық үлгілері – мақта талшығының нақты сұрыбы мен сыныбына тән түсі, дақтарының болуы, құрылымы және ластануы бойынша мақта талшығының сапа сипаттамаларының жиынтығын білдіретін, бекітілген немесе белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында қолдануға жол берілген үлгілер.

3. Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізуді "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аккредиттеуден өткен сынақ зертханалары (орталықтары) (бұдан әрі – зертхана (орталық)) жүзеге асырады.

2-тарау. Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу тәртібі

4. Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізуді зертханалар (орталықтар) шарт негізінде мақта талшығының әр тайы бойынша (әр тайға) жүзеге асады.

5. Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу:

1) сынамаларды іріктеуді;

2) сынамаларды сынақтан өткізуді;

3) мақта талшығының сапа паспортын ресімдеуді қамтиды.

6. Мақта талшығының әрбір тайынан сынама (100-150 грамм) іріктеуді мақта тазалау зауытында тай тығыздаудан шыққан кезде зертхананың (орталықтың) іріктеушісі жүзеге асырады.

7. Сәйкестендіру мақсаттары үшін зертхананың (орталықтың) іріктеушісі мақта талшығының әрбір іріктеп алынған сынамасына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тай нөмірінің штрих-коды бар биркадан жыртылмалы купон салады.

Купон жыртылып алынған бирка тайдың сынама алынған, кесілген бөлігіне салынады.

8. Зертхананың (орталықтың) іріктеушісі мақта талшығының іріктеп алынған сынамаларын жыртылмалы купондарымен бірге полиэтилен пакеттерге буып-түйеді және оларды қапқа тығыздап салады. Қап осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша затбелгімен мөрленеді.

9. Бір өнеркәсіптік және селекциялық сұрыптың және сыныптың шитті мақтасынан өңделген мақта талшығынан сынамалар іріктеп алу осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынамаларды іріктеп алу актісімен ресімделеді. Сынамаларды іріктеп алу актісіне зертхананың (орталықтың) іріктеушісі мен мақта тазалау зауытының өкілі екі данада қол қояды, оның біреуі мақта тазалау зауытының өкіліне, екіншісі сынамаларды зертханаға (орталыққа) тасымалдауды жүзеге асыратын зертхананың (орталықтың) өкіліне беріледі.

Зертхананың (орталықтың) іріктеушісі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақта талшығының сынамаларын әр тайдан іріктеп алуды тіркеу журналын жүргізеді.

10. Сынамалары бар мөрленген қаптарды зертхананың (орталықтың) өкілі зертханаға (орталыққа) тасымалдайды.

11. Зертханаға (орталыққа) жеткізілген сынамалары бар қаптарды зертхананың (орталықтың) маманы қабылдап алады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақта тазалау зауытында іріктеп алынған мақта талшығының сынамаларын қабылдап алуды тіркеу журналына тіркейді.

12. Мақта талшығының сынамаларын сынау осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу кезінде қолданылатын стандарт тізбесіне сәйкес зертханада (орталықта) жүргізіледі.

13. Мақта талшығының сынамалары жылдам желдету қондырғысында алдын ала ұсталады немесе жиырма төрт сағат бойы мынадай стандартты климаттық жағдайдағы үй-жайда желдетіледі:

ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 65 (алпыс бес) пайыз + 2 (екі) пайыз, ауа температурасы Цельсий бойынша 21 (жиырма бір) градус + Цельсий бойынша 1 (бір) градус.

14. Мақта талшығының сынамаларын сынақтан өткізу екі кезеңде жүзеге асырылады:

бірінші кезең – өнімділігі жоғары мақта талшығын сынаудың автоматтандырылған өлшеу жүйесі (HVI типті) арқылы;

екінші кезең – классерлік әдіспен.

15. Мақта талшығын сынақтан өткізуді бастағанға дейін өнімділігі жоғары мақта талшығын сынаудың автоматтандырылған өлшеу жүйесін (HVI типті) күйге келтіру жүзеге асырылады.

16. Өнімділігі жоғары мақта талшығын сынаудың автоматтандырылған өлшеу жүйесі (HVI типті) арқылы мақта талшығының мынадай көрсеткіштері өлшенеді:

- 1) микронейр;
- 2) түс (шағылысу коэффициенті, сарғаю дәрежесі);
- 3) ластану (трэш код, арамшөпті қоспалар алаңы, арамшөпті қоспалар саны);
- 4) ұзындық (жоғарғы орташа ұзындық, ұзындығы бойынша біркелкілік индексі, қысқа талшықтар индексі);
- 5) беріктік (үлестік үзілу жүктелімі, үзілгендегі ұзаруы).

17. Классерлік әдіс:

1) мақта талшығының сыртқы түрінің стандарттық үлгілерімен салыстыру жолымен сұрыбы мен сыныбы бойынша мақта талшығын органолептикалық бағалауды;

2) штапельді қолмен төсеу жолымен штапельдік ұзындықты анықтауды көздейді.

Сондай-ақ, микронейр көрсеткіші (аспаппен), мақта талшығының сынамаларында басқа қоспалардың (мақта тұқымының, линттің, шитті мақтаны бастапқы өңдеу қалдықтарының, майланған мақта талшығының, шірік иісінің) бар-жоғы және жабысқақтығы анықталады.

18. Мақта талшығының сапасын әр тай бойынша сынақтан өткізу нәтижелері бойынша әрбір тайға "Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанын (үлгісін) және мақта талшығының сапасы паспортының

нысанын (үлгісін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-5/280 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12152 болып тіркелген) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақта талшығының сапа паспорты ресімделеді.

Мақта талшығы иесінің өтінімі бойынша мақта талшығының әр тай бойынша сапа паспорттары негізінде мақта талшығының біртектес партиясына біріктірілген мақта талшығының сапа паспорты ресімделуі мүмкін.

19. Мақта талшығының сапа паспортының бланкісі қара немесе көк түсті шарикті немесе қауырсынды қаламмен қолмен не машинкамен басу тәсілімен толтырылады. Мақта талшығының сапа паспортының бланкісін толтыру кезінде түзетулерге жол берілмейді.

3-тарау. Мақта талшығының сапа паспортын беру тәртібі

20. Мақта талшығының сынамаларын сынау нәтижелері бойынша "Сынау және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар" 17025 ҚР СТ ISO/IEC Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сәйкес сынақ хаттамасы ресімделеді, оның негізінде зертхана (орталық) мақта тазалау зауытында мақта талшығының сынамаларын іріктегеннен кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей мақта өңдеу ұйымының мақта талшығы сапасының паспортын береді.

21. Мақта талшығының сынамаларын сынақтан өткізу нәтижелері негізінде мақта өңдеу ұйымы типі, өнеркәсіптік және селекциялық сұрыбы бойынша біртекті, үш сыныпқа дейін болуға жол берілетін мақта талшығының партиясын жинақтайды, жинақталған мақта талшығы партиясының кондициялық салмағын айқындайды.

Мақта талшығын тиеп-жөнелту кезінде мақта өңдеу ұйымы тиеп-жөнелту құжаттарына мақта талшығының сапа паспортын салады.

22. Мақта талшығының сапа паспорты мақта талшығын сақтау шарттарын сақтаған жағдайда, берілген күнінен бастап және сегіз ай бойы қолданылады.

23. Мақта талшығының сынамалары сынақтан өткізілгеннен кейін мақта талшығының иесі партияны тиеп-жөнелткенге дейін, бірақ мақта талшығының сапа паспортының қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге зертханада (орталықта) сақталады, содан соң мақта өңдеу ұйымына қайтарылады.

Мақта талшығының сапасына
сараптама жүргізу және мақта
талшығының сапа паспортын
беру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Тай нөмірінің штрих-коды бар бирка

Аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) атауы	Аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) атауы	Аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) атауы	Аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) атауы
777 000023	777 000023	777 000024	777 000024

777 – мақта тазалау зауытының коды;

000023, 000024 – мақта тазалау зауытындағы мақта талшығы тайының нөмірі.

Ескертпе:

1-жыртылмалы купон іріктеп алынған мақта талшығы сынамасына салынады,
2-бирка тайдың кесілген тілінген бөлігіне салынып, тігіледі.

Мақта талшығының сапасына
сараптама жүргізу және мақта
талшығының сапа паспортын
беру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Затбелгі

Мақта өңдеу ұйымының атауы _____

Мақта тазалау зауытының коды _____

Шитті мақта партиясы _____

Шитті мақтаның өнеркәсіптік сұрыбы _____

Шитті мақтаның сыныбы _____

Селекциялық сұрыбы _____

Сынамалар алынған тайлар:

№ _____ бастап № _____ дейін

Іріктеп алынған күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) іріктеушісі:

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(ҚОЛЫ)

Мақта талшығының сапасына
сараптама жүргізу және мақта
талшығының сапа паспортын
беру қағидаларына
3-қосымша

Сынамаларды іріктеп алу актісі

№ _____ 20_ жылғы " _____ " _____

Мақта өңдеу ұйымының атауы және мекенжайы _____

Мақта тазалау зауытының коды _____

Сынамаларды іріктеп алу жүргізілген орын _____

Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері _____

Бірегей сәйкестендіру _____

Қолданылған әдістің сәйкестендіруі _____

Сынамаларды іріктеп алу үшін үлгіні (лерді) алу күні _____

Сынамаларды іріктеп алу жүргізілген күн _____

Сынамаларды іріктеп алу актісі берілген күн _____

Шитті мақта партиясының нөмірі _____

Шитті мақтаның өнеркәсіптік сұрыбы _____

Шитті мақта сыныбы _____

Селекциялық сұрыбы _____

Тай нөмірі: _____ бастап _____ дейін

Іріктеп алынған сынамалар саны _____

Іріктеп алынған сынамалардың салмағы __ килограмм _____

Аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) іріктеушісі:

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(қолы)

Мақта тазалау зауытының өкілі

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(қолы)

Мақта талшығының сапасына
сараптама жүргізу және мақта
талшығының сапа паспортын
беру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) аккредиттеу белгісінің орны

Мақта талшығының сынамаларын әр тай бойынша іріктеп алуды тіркеу журналы

Күні	Бригада және ауысым нөмірі	Сынамалар саны	Штрих-код нөмірі _____ бастап _____ дейін	Іріктеушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Іріктеушінің қолы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) іріктеушісі:

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(қолы)

Мақта талшығының сапасына
сараптама жүргізу және мақта
талшығының сапа паспортын
беру қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) аккредиттеу белгісінің орны

Мақта тазалау зауыттарында іріктеп алынған мақта талшығының сынамаларын қабылдап алуды тіркеу журналы

Күні	Мақта тазалау зауытының коды	Сынама іріктеу актісінің нөмірі мен күні	Жүк құжат нөмірі мен күні	Сынамалар саны	Сынамалар салмағы, килограмм	Ылғалдылығы, пайыз %	Селекциялық сұрыбы	Шитті мақтаның өнеркәсіптік сұрыбы мен сыныбы	Штрих-код нөмірі _____ бастап _____ дейін
1	2	2	4	5	6	7	8	9	10

Аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) іріктеушісі:

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(қолы)

Мақта талшығының сапасына
сараптама жүргізу және мақта
талшығының сапа паспортын

Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу кезінде қолданылатын стандарттар тізбесі

№ п/п	Стандартты белгілеу	Стандарттың атауы	Ескертпе
1.	1096 ҚР СТ	Мақта талшығының стандартты үлгілері. Дайындау және қолдану тәртібі.	
2.	1404 ҚР СТ	Шитті мақтаның үлгі-эталондары. Дайындау және қолдану тәртібі.	
3.	1403 ҚР СТ	Шитті мақта. Техникалық шарттар.	
4.	643 ҚР СТ РСТ Өз	Шитті мақта. Сынама алу әдістері.	
5.	1593 ҚР СТ	Шитті мақта. Ластануды анықтау әдістері.	
6.	644 ҚР СТ РСТ Өз	Шикі мақта. Ылғалдылықты анықтау әдістері.	
7.	593 ҚР СТ РСТ Өз	Шитті мақта. Мақта талшығының сипаттамаларын анықтау әдістері.	
8.	1594 ҚР СТ	Шитті мақта. Сортты анықтау әдістері.	
9.	1597 ҚР СТ	Тұқымдық шитті мақта және егістік мақта тұқымы. Сынама алу әдісі.	
10.	1595 ҚР СТ	Шитті мақтаны өңдеу. Терминдер мен анықтамалар	
11.	53236 ҚР СТ МЕМСТ Р	Мақта талшығы. Сынама алу әдістері	
12.	53232 ҚР СТ МЕМСТ Р	Мақта талшығы. Ұзындығын анықтау әдістері	